Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOĠAI AJARY

1938 жылдың 15 тамызынан бастап шығады

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 22 (7964) 14 маусым, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



**Президент реформасы – өміршең өзгерістер**

## Жағымды бастамалар жиынтығы

2023 жылдың 1 қыркүйегінде «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты туралы» Жолдауында Президент медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру, ақпараттық технологиялар стратегиясы белгіленді. Бұдан бөлек Пре-зидент бастамалары экономиканың бірқатар саласының жаңа ережелерін ұсынып отыр. Соның арқасында атқарушы би-лік жүйесі, орталық пен өңірлер арасындағы қарым-қатынас өзгереді, салықтық ынталандырудың, нормативтік-құқықтық реттеудің, инвесторлармен өзара іс-қимылдың жаңа шаралары енеді.

Атап айтқанда, жалақыны көтеру, жұмыспен қамту, балалар қауіпсіздігі, білім саласын қамтитын және экономика мен жұмыспен қамтудың өсуі болып табылатын креативті индустрияға назар аударды.

Жолдаудың басынан-ақ Президент өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беру қажеттігін атап өтіп, «Өңдеу өнеркәсібін қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторларын бастапқы үш жылда салықтан және басқа да міндетті төлемдерден босатқан жөн. Бұл – өңдеу индустриясына айтарлықтай серпін беруге арналған өте маңызды шара», – деп тапсырды.

Жолдаудың мәні мен мазмұны Президент реформаларының логикасына толықтай сәйкес келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев экономика, саясат және идеология салаларын бірбірінен бөлмей реформалауға негізделген стратегиялық бағытты жүйелі түрде іске асырып келеді. Жолдауда Қазақстан экономикасын дамытудың алдағы алудағы теңдік және тағы басқасы. Мемлекет басшысының қоғамда қызу талқыланып жатқан АЭС салуға қатысты мәселені республикалық референдумға шығару туралы ұсынысына ерекше назар аудару қажет. Бұл Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» және «Әділетті Қазақстан» принциптерін берік ұстанып отырғанын көрсетеді.

Сондай-ақ, Қ.Тоқаев агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек деп, Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығын агротехнология хабына айналдыруды ұсынды. «Алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек», – деді Президент және ол үшін салық саясатын қайта қарау керек екенін айтты.

**М.Сейдахметов,**
**Ауылшаруашылық бөлімінің сектор меңгерушісі.**

***Дарынды бала –2024**

## Дарынды жастар – мемлекеттің мақтанышы



«Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» дейді М.Әуезов. Егемен елдің келешегі кемел білім мен ұлағатты тәрбиеге байланысты екені даусыз. Баланы заман талабына қарай көрегендікпен икемдеп, озық өнегені санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Ал, мектеп өмірінде болып жатқан түрлі шараға белсене қатысып, білім, өнер додаларында сан мәрте жеңіс тұғырынан көрініп жүрген дарынды шәкірттеріміздің еңбектері қашан да елеулі.

13 маусым күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен аудан орталығында «Мақсат. Қадам.Сенім» атты II аудандық форумы болып өтті. Көңілді шарада оқу жылы көлемінде республикалық олимпиадалардан жүлде алған, ғылыми жарыстарда жеңімпаз атанған және талантымен көзге түскен оқушылар бас қосты.

Форумға қатысқан аудан әкімінің міндетін атқарушы Серік Амралин дарынды жастарды жарқын жетістіктерімен құттықтап, арман-мақсаттарына жетуіне тілектестік білдірді.

–Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы білім сапасы табысты ұлт болудың маңызды шарты екенін, әрбір оқушының сапалы білім, тағылымды тәрбие алуы, жан-жақты дамуы үшін елімізде барлық жағдай жасалғанын атап өтті. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен өңіріміздің білім саласында ауқымды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Баянды бастамалардың барлығы балаларымыздың лайықты білім алуына, өмірлік маңызды дағдыларды үйренуіне жол ашады. Бүгінгі XXI ғасырда жаһандану кезеңінде ақпараттық технологияларды жоғары деңгейде меңгеріп, жауапкершілікті сезіну баршаңызға міндет болып табылады. Дарынды жастар – кез келген мемлекеттің мақтанышы. Елдің жарқын болашағы олардың білімі мен жаңа идеяларына байланысты. Ал, балалардың жетістіктері өңірдің имиджі мен беделін арттырады, – деп сөз сабақтаған С.Амралин талапты, ушқыр ойлы жастарды тәрбиелеген ұлағатты ұстаздарға да алғысын білдірді.

Сондай-ақ, форум барысында аудандық мәслихат төрағасы Рашид Әбеуов, мектеп бітіруші түлектер мен дарынды оқушыларға құттықтау тілектерін білдірді. Форум аясында орта мектепті жоғары нәтижемен аяқтаған түлектерге «Алтын белгі», үздік аттестат табысталып, білім беру ұйымдарының дарынды оқушылары марапатталды. Пән олимпиадасында, шығармашылық, байқауларда облыстық, республикалық деңгейде жетістікке жеткен оқушыларға естелік сыйлықтар мен алғыс хат берілді.

Білім меценаты Бекзат Алтынбековтың тоғыз «Алтын белгі» иегерлеріне шәкіртақы сыйақысы берілді.

Марапаттау рәсімінен соң күміс көмей, жезтаңдай әншілер озат оқушылардың құрметіне әсем ән арнады. Рас, ұстаздан шәкірт озып жатса, ұстаз еңбегінің ақталғандығы. Ал білімде жүлдегер атанып жүрген оқушылар ертеңгі күні үлкен өмірде де жүлдеге жетері сөзсіз.

**Өз тілшімізден.**

AQTOĠAI AJARY

*2024 жылдың II жартыжылдығына жазылыңыз!*

*Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!*

*aktogai_red@mail.ru*
*Aktogai_ajary*
*www.facebook.com/a.ajary.kz*

*Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады.*
*Тел: 8-708-547-43-03 Kaspi GOLD*

**Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031, 6 айға – 2457,30 теңге.**
**Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031, 6 айға – 2957,28 теңге.**

***Біздің мекен-жайымыз:*** *Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.*
***Анықтама телефондары:*** *2-18-81, 2-15-39.*



***Ескерту:*** *Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен жайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.*

** Аудан әкімдігінде*

# *Жемқорлыққа жол жоқ*



Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сыбайлас жемқорлық қоғамымыздың қауіпті дерті болғандықтан онымен күрес күн өткен сайын күшейіп келеді. Осы орайда жақында аудан әкімдігінде ҚР сыбайлас-жемқорлыққа қарсы қызметі Агенттігінің және ҚР Президентінің мемлекет басқару Акдемиясының Қарағанды облысы бойынша Филиалының спикері, өкілі Аркадий Тлеубердиновтың қатысуымен кәсіби әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық тақырыбында 3 күндік біліктілік аттыру семинар курсы өтті. Оған Ақтоғай ауданының әкімі аппараты, дербес бөлімдер және кент, ауыл, ауылдық округ әкім аппаратының 31 мемлекеттік әкімшілік қызметшілері қатысты.

Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл Б.Әмірғасым, бекітілген жоспарға сәйкес ауданның мемлекеттік қызметшілерінің біліктілігін арттыру курсынан өтіп жатқан қызметшілерге Әдеп кодексі талаптары, еңбек тәртібі, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, құмар ойындардан аулақ болу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шара соңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта видеороликтер көрсетіліп, сауалнама жүргізілді. Семинарға қатысушылар жемқорлықпен күресті күшейту, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында өткізілетін іс-шаралар бойынша өз ойларын ортаға салды.

**Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі.**

## Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9 тармақшасына, 45-бабына, 113-11 бабының 1- тармағына сәйкес, 2024 жылғы «09» маусымда өткен Ақтоғай ауданы Абай, Сарытерек ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиялары, аудандық сайлау комиссиясының хаттамаларының негізінде Абай, Сарытерек ауылдық округінің әкімдерін Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы тіркеді.

**Абай ауылдық округі бойынша:**

1) Майлыбаев Ердос Рахметоллаұлы, (тіркелеген күні: 11.06.2024 жыл);

**Сарытерек ауылдық округі бойынша:**

2) Серкебаев Қанат Рахметоллаұлы, (тіркелеген күні: 11.06.2024 жыл);

**Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.**

** Халық үніне құлақ асатын мемлекет*

# Атқарылған жұмыс сараланып, алдағы меже айқындалды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты кезекті Жолдауын жариялағаны баршаға мәлім. Осы жолдауда Президент ең әуелі Тәуелсіздігіміз



біздің ең басты қастерлі құндылығымыз дей келе «Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы. Барлық бастамамыз осыған бағытталуда» деп ерекше атап көрсетеді.

Осы орайда түрлі деңгейдегі әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы Президент жарлығына сәйкес өңірлерде кезекті есеп беру жиындары өтуде.

Бұқара базынасына құлақ түрген басқосулар 11 маусым күні Айыртас, Құсақ, Абай ауылдық округінде болып өтті. Есепті кездесуге қатысқан аудан әкімінің міндетін атқарушы Абылай Аманжолов






өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері туралы есеп берді. Ақтоғай ауданында жыл көлемінде атқарылатын жұмыстар мен қолға алынатын жобалар көлемі ауқымды. Бұл жөнінде А.Базылұлы тұрғындарымен өткен жүздесуде баяндады. Әр округтегі шешімін күткен мәселелер тізбегі негізінде дайындалған іс-шара жоспарының атқарылу барысымен таныстыруға арналған кездесуге округ халқы, мекеме, бөлім басшылары қатысты.

Кездесулер барысында аталмыш елді мекен тұрғындары тарапынан ауылдардағы электр энергиясының жәй-күйі, ұялы байланыс пен интернет мәселесі және көктем мезгіліндегі табиғи апат салдарынан автомобиль жолының бүлінген учаскелерін қайта қалпына келтіру сынды өзекті деген мәселелер көтерілді. Көтерілген бірқатар сұрақтар мен ұсыныстар мерзіміне байланысты аудандық іс-шаралар жоспарына енгізілсе, дереу шешілуі тиіс мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берілді.

12 маусым күні кезекті есепті жиын Ортадересін ауылдық округі мен Шашубай кентінде жалғасты. Жиынға Ақтоғай ауданының прокуроры А.Адамбеков қатысты.

Аграрлы аймақта атқарылған ауқымды жобалар мен алдағы мақсат-міндеттерді саралаған есепті жиынды А.Аманжолов ашып, жүргізді. Ол өз баяндамасында білім, денсаулық, мәдениет және спорт салаларында тындырылған істерді баяндап, әлеуметтік қолдау мен жұмыспен қамту бағытында жасалған жұмыстардан да хабардар етті.

Есептік кездесулерде тұрғындар тарапынан электр желілері мәселесі, Балқаш-Ортадересін автомобиль жолына жөндеу жұмыстарын жүргізу, денсаулық сақтау саласындағы мәселелер, мемлекеттен берілетін қолдау гранттары, несиелер мен субсидиялар секілді көптеген өзекті мәселелер көтерілді. Аудан әкімінің м.а А.Аманжолов қойылған сұрақтар бойынша жеке-жеке тоқталып, мерізім күттірмейтін мәселелерді уақытылы шешу бойынша нақты тапсырмалар беріп, өз бақылауына алатынын жеткізді.

**Думан ҚАБЫЛ,**
**Айыртас, Құсақ, Абай ауылдық округтері.**

** Халық үніне құлақ асатын мемлекет*

# Шырайы артқан Шашубай

Замана көшіне ілесіп, жаңа даму мен өркендеу жолына түскен Шашубай кентінде атқарылып жатқан істер тізбегі жетерлік. Ақтоғай ауданының халық көп шоғырланған іргелі елді мекеннің аяқ алысы жаман емес. Қашанда өз бет-бейнесін, жаңа келбетін қалыптастыру жолында қадамдар жасалынып, тыңғылықты жұмыстар атқарылуда. Ауылдың өркендеуі мен үстіміздегі жылдың 5 айында атқарылған жұмыстарға тоқталсақ.



Шашубай кентіндегі тұрғын үйлер саны – 306, оның ішінде көп қабатты үйлер – 11. Бос тұрған (каркас) бес қабатты 4 үй бар, ондағы жалпы пәтерлер саны – 340. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында облыстық бюджет қаражаты есебінен 96 пәтерлі Ж. Ақбергенұлы көшесі №9 үйдің құрылысы биыл аяқталып, тұрғын-үй кезегінде тіркелген 96 отбасы баспаналы болды. Бүгінгі күнге, баспана кезегінде 90 адам тіркелген.

Тұрғындар орталықтандырылған таза ауыз су, суды бұру (кәріз), электр энергиясы және көп қабатты үйлер орталықтандырылған жылу энергиясымен қамтамасыз етілген. 2023-2024 жылдардағы жылу беру маусымы тұрақты, штаттық режимде өтті. Барлық коммуналдық қызметтер бойынша авариялық жағдай орын алу көрсеткіштері – төмен, коммуналдық мекемелер өз жұмыстарын тиісті деңгейде атқаруда.

Автомобиль жолдары – 80 % асфальт жабындысымен, 2024 жылдың аяғына дейін 90 % деңгей көрсеткішке жеткізу жоспары тұр.



2024 жылдың 1 маусымына Шашубай кенті бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, абаттандыру салалары бойынша атқарылып жатқан жұмыстар тілге тиек етсем. Биылғы жылғы жоспар бойынша бөлінген бюджеттік қаражаттар негізінде келесідей жұмыстарға мемлекеттік сатып алу веб портал арқылы ашық конкурс жарияланып, мердігерлер анықталып, жұмыстар ағымдағы жылдың маусым-шілде айларында бастау алады. Олар Шашубай кентінің Жағалау көшесінде балалар ойын және спорт алаңдарын орнату жұмыстарын, С.Сейфуллин №1 және Ғарышкерлер №2 көп қабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыру жұмыстарын аяқтауға. Сонымен бірге Шашубай кентінің ішкі автомобиль жолдарын орташа жөндеу (2050 метр, былтыр жұмыстар басталған, келісім-шарт бойынша биыл аяқтау жоспарланған), Шашубай кентінің «Орталық жылыту қазандығын жөндеу» жұмыстары.



Елді мекендерді абаттандыру, санитарлық тазарту, көгалдандыру, күл қоқыстан тазарту бойынша көктемгі екі айлық шаралары және Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында, кент бойынша мекемелер, кәсіпорындар, кәсіпкерлер, тұрғындар сенбілікке, тазалық бейсенбіліктеріне атсалысты. Бүгінгі күнге 11 сенбілік, 10 тазалық бейсенбілігі өткізілді, қыстан жиналып қалған 9 жердегі ұйымдастырылмаған күл-қоқыс орны тазартылып, шамамен 300 тонна күл-қоқыс, құрылыс сынықтары шығарылды.

Кент бойынша қоғамдық жұмыста 6 (алты) адам күнделікті көше тазалығын қамтамасыз ету жұмыстарын атқарып жатыр.

«Балқаш Универсал» ЖШС коммуналдық қалдықтарды, кестеге сәйкес аптасына 2 рет, ал үлкен көлемді (негабарит) қалдықтар әкімдік тарапынан 1 рет Балқаш қаласының полигонына шығарылады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында бейнебақылау жүйесі және 32 дана бейнекамералары тұрақты жұмыс істеуде.

Жалпы, 2024 жылы кентімізде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, абаттандыру салалары бойынша игілікті жұмыстар атқару жоспарда.

Шашубай кенті бойынша 2024-2025 жылдарға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, құрылыс, абаттандыру салалары бойынша жоспарлар мен міндеттерге тоқталсақ. Шашубай көшесіне балалар ойын және спорт аланың салу, С.Сейфуллин-Абай көшелеріне кәріз жүйесін салу жұмыстарына, Ж.Ақбергенұлы №2, №6 үйлердің ауласын, абаттандыру, №1 Жағалау суару сорғы станциясының трансформатор подстанциясын және сорғы қондырғысын ауыстыру жұмыстарына бюджеттік өтінім 2024 жылдың бюджет қарауына жолданды.

Әр үй шаруашылықтарын есепке алу дәптеріндегі мәліметтер бойынша, 2024 жылдың 1 маусымының көрсеткішіне сәйкес, жеке аула 296, оның ішінде ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарын ұстайтын үйлердің саны – 62.

Кент бойынша үй құстары 950 бас және барлық мал басы 287 басты құрайды. Шашубай кенті бойынша бір шаруа қожалығы тіркелген. «Әсер» ШҚ Ортадересін а/о орналасқан. 20 бас жылқы малы өсірілуде.

Ауыл шаруашылығы жануарларына тән аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу, болдырмау және эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында кент аумағындағы 100 бас мүйізді ірі қара малы, 73 бас ұсақ мал басынан қан сынамасы алынып, бруцеллез ауруына 2024 жылдың ақпан-мамыр айларында лабораториялық зерттеулерден толық өткізілді. Оң нәтиже көрсетіп, ауруға шалдыққан

*(Жалғасы 7-бетте).*

Ақтоғай ауданына қарасты Айыртас ауылдық округі бүгінде біршама дамудың даңғыл жолына түсіп келеді. Берекесі мен ырыстың мекені Айыртастың негізгі кәсіп көзі мал шаруашылығы ауыл. Еліміздің экономикалық әлеуетін көтеретін негізгі күретамыр – ауыл шаруашылығы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұратынын мәлімдеп, Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған жоспарын әзірлеуді тапсырған болатын. Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының ауылдық бірдейлендіріліп эпизоотиялық ауруларға қарсы, қан сынамалары алынып жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары ұйымдастырылған.

Елді мекенде халыққа қызмет көрсету орталықтары мәдениет үйі, кітапхана, байланыс бөлімдері жұмыстарын атқаруда. Телефон байланысы тұрақты жұмыс жасап тұр. Қызмет көрсету сапасы жоғары деңгейде. АТС-те бүгінгі күні ауыл тұрғындары, мекемелер бойынша 40-нүкте тіркелген. Жарық сөнген жағдайда байланысты ұстап тұруға қажетті жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етілген.

Кен барлау жұмыстарымен айналысып жатқан «Жаңа Мыс» компанясының демеушілігімен үстіміздегі жылы 10 млн теңгеге ауыл ішіндегі электр тоғы желілері жасалынатын болады. Бұл жұмыс алдағы жылы да өз жалғасын таппақ.

Айыртас ауылдық округінде қазіргі таңда 198 адам тұрады. 2023 жылы ауылымызға 2 отбасы көшіріліп әкелінді. 3 отбасы көші-қон бағдарламасымен келіп, мамандығы бойынша квота алып жұмыстарын атқаруда. Ауылымызда «Айыртас қоғамдық қоры» құрылып, сол қордың есебінен тақпақтар сынды сайыстар ауыл тұрғындарына мерекелік көңіл күй сыйлап келеді.

Кітапхана – ақыл мен білім ордасы. Содан болар «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» дейтіні. Бұл турасында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Кітапсыз, кітапханасыз адам ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Кітапхана – білім мен мәдениеттің ошағы, жаңаша, тың идеялардың мекені. Электронды формат қаншама қарқынды дамығанмен дәстүрлі кітапхананың ағартушылық қызметі ешқашан мәнін жоғалтпақ емес» деп

# Ауылды дамыту – стратегиялық мақсаттардың бірі

аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлыққа да қол қойды.

Ауылдық округте 18 шаруа қожалығы мен 1 «Бәйтерек-агро» ЖШС жұмыс істеп тұр. Осы шаруашылықтырдағы мал саны ірі қара 2189 бас, жылқы 2441 бас, ұсақ мал саны 4845 басқа жеткен. Ірі қара малын тұқымдық түрлендіруге округ бойынша «Қаһарман», «Қуаныш» шаруа қожалықтары қатысуда. «Қаһармен», «Қуаныш» шаруа қожалықтары АПХ «Сарыарқадан» жалға 6 бас абердин-ангус тұқымды аталық малдарды жалға алып табынға қосса, «Ерасыл» шаруа қожалығы мен «Бәйтерек агро» ЖШС-і



«Асыл түлік» фирмасымен жалпы құны 835 мың тг келісімге отырып, 145 бас герефорд тұқымды аналықтарды қолмен ұрықтандырды. Ауыл халқына арнап ауылдың территориясына қосымша 10 мың га жер қосылып, жері заңға сәйкес рәсімделді.

Астана, Қарағанды, Балқаш қалаларында өткен «Ауыл - береке» жәрмеңкелеріне ауылымыздан ет, сүт өнімдері апарып өткізілді. Жер картасын электронды форматқа 17 шаруа қожалығы ауыстырған. «Ауру астан...» демекші қолда бар малдың саулығы, жанның салығы екені айтпасада түсінікті. Бұл ретте округтегі барлық мал басы толығымен

Айыртас – Нарманбет көтерме жолының қауіпті учаскелеріне арнайы белгілер қойылып, бүгінгі күні ауыл тұрғындарына, мекемелерге электр жарығы мен ауызсу үздіксіз берілуде.

Көктем мезгілдерінде тазалықтың екі айлығында сенбіліктері мен бейсенбіліктер тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Әр аула иесі қыстайғы күлқоқыстарын арнайы орынға төгу қалыптасқан. Көктем айларында республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында біршама жұмыстар атқарылды. Бюджеттен бөлінген қаржыға ауылдың ішіндегі иесіз жатқан күл қоқыстар тазаланып, қоқыс полигонының орыны жинақыланды.

Қазақ халқы артында мал қалғанша, тал қалсын деп текке айтпаған. Табиғатпен біте қайнасқан халқымыздың осы бір дәстүрі берекелі бастамаларға ұласуда. «Жасыл желек, жаңға сая» деген айыртастықтар 30 түп алма ағаштары отырғызылып, гүлзарларға гүлдер екті.

Ауылдардың дамуына жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту және ауылдардың инфрақұрылымын дамыту басты міндет. Өткен жылы «Айыртас қоғамдық қорының» көмегімен ауылға көшіп келетін отбасыларға арнап 4 пәтер жөнделді. Мектептің ағымдағы жөндеуіне қаржылай және қолдай көмек көрсетілді. Сонымен қатар ауылға шағын футбол алаңы салынды.

Ауылдың екі көшесіне 20 дана көше жарықтары мен трансформаторымен орнатылды. Ауылдағы әкімшілігінің баланысындағы екі қабатты ескі ғимаратын мемлекеттік бағдарламамен қоныс аударушыларға қызметтік тұрғын үй ретінде пайдалануға ағымды жөндеуден өткізілді. Мұнда 4 бөлмелі 4 пәтер алдағы уақытта ауылға көшіп келетін жас мамандармен тұрғындарға пайдалануға берілмек. Ауыл іші көшелерінің жолдарды ағымды жөндеуден өтті.



қоныс аударып келген отбасыларға 6 айға дейін 50 000тг ақшалай көмек және бала санына қарай ірі қара малы, қыстық отын суы, соғымы, балаларын бір жылға мектепке дайындау (мектеп киімдері мен аяқ киім, оқу құралдары т.б) және тұрғын үймен қамтамасыз етіліп отыр. Алдағы уақыттағы мақсат ауылымыздағы ескі тұрғын үйлерді жөндеуден өткізіп, көші-қонды тоқтатпау.

Қазіргі таңда «Айыртас бастауыш мектебі» КММ білім алуға қажетті барлық құрал-жабдықтармен қамтылған.

Штаттық кесте бойынша ауылда 1 медбибі, 1 тазалықшы жұмыс істейді. Ауыл бойынша 98 адам Ақтоғай аудандық орталық больницасында тіркеуде тұр, оның ішінде 15 жасөспірім балалар. Балалар арасында диспанцерлік есепте тұратын бала жоқ. Диспанцерлік есепте тұрған адамдар тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіліп отыр. Биылғы жылы жылжымалы дәріхана келіп халықты өзіне қажетті дәрі-дәрімектермен қамтамасыз етті.

Әр мереке сайын ауылымызда әр тақырыпта іс-шаралар мен спорттық жарыстар ұдайы өткізіліп тұрады. Тыңнан түрен салып, жергілікті халықтың көңілінен шығу оңай емес. Дегенмен, берекесі тасыған ауылдың кеші көңілді болатыны рас. Ауылдық клуб үйінің ұйымдастырған аналар сайысы, дөңгелек үстел, оқушылар арасында жігіт сұлтаны, жасқанат сайысы, бүлдіршіндер арасында өлең-

кемел ой айтты. Ауылдағы руханият ордасы – кітапхана. Ауыл кітапханасы 2000 жылдан бері жұмыс істейді. Кітапхана әкімшілік ғимаратында орналасқан. Қорда бар кітап – 6524. Мерзімді басылымдардан 28 түрлі газет-журналдар оқырмандарға ұсынылды.

Жалпы ауылдық округтің бюджеті 35840мың тг құрады. Салықтық түсімдер жалпы 11368 мың тг. Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін 10697 мың тг. Бірыңғай жер салығы 200 мың теңгені құрады.

«Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады». «Рухани жаңғыру», «Туған жерге туыңды тік» бағдарламалары негізінде айыртастықтар бірқатар жобаларды жүзеге асырып келеді. Ауылды көркейту, дамыту мақсатында «Айыртас қоғамдық қорының» көмегімен интернет желісі тартылды. Интернет тартуға қажетті мұнаралар екі жерден қойылды. Жалпы құны 6,5 млн тг. Өткен жылы туған ауылының көркейтуіне ат салысқан 1965 жылғы ауыл тумалары елді мекендегі бос, қирап қалған үйлердің орнын тазартса, 1983 жылғы туған азаматтар ауылымызға демалыс орнын жасап берді. 1975 жылғы туған азаматтар жастарға алтыбақан тарту етті.

**Қ.Бакиров,**
**Айыртас ауылдық округінің әкімі.**

** Президент тапсырмасын орындай отырып...*

# Қоғамдық кеңес – ел игілігін көздейді

Елімізде әртүрлі деңгейдегі 258 қоғамдық кеңес жұмыс істейді. 2022 жылы қоғамдық кеңестердің 90 пайызының құрамы жаңарған. Қазіргі уақытта ҚК мүшелерінің 3818-і, шамамен 85%-ы азаматтық сектордың өкілі. Қоғамдық кеңестер құрамына қарайтын болсақ, мемлекеттік орган өкілдерін, азаматтық сектор, бюджеттік ұйым, саяси партия, депутаттар, БАҚ, бизнес, кәсіподақ, үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) және басқалары кеңінен қамтылған. Еліміздегі жаңа саяси бағыт бойынша қоғамдық ұйымдарға үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Осыған орай қоғамдық ұйымдардың белсенділігі артып, ел дамуына қосар үлесі де артып келеді. Мемлекеттік қызмет қоғамның бақылауында болуы керек, өйткені елдің де жердің де иесі халық. Ал, қоғамдық кеңес билік пен халық арасын өзара байланыстыратын, азаматтардың арыз-шағымы, өтініш-талабын жауапты орындарға жеткізетін, тұрғындардың мүддесін қорғайтын бірден бір қоғамдық ұйым.



Ашықтық пен әділдік – қазіргі күннің басты талабы. Осы бағытта мемлекеттік органдар жұмысының жүйелі, нәтижелі болуы үшін қоғамдық кеңестердің маңызын арттыруға баса мән беріліп жатыр. 2016 жылдан бастап елімізде мемлекеттік органдар мен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа нысаны – қоғамдық кеңестер пайда болды. Олар мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыруға арналған консультативтік-кеңесші, байқаушы органдар болып табылады және азаматтарға билік қабылдаған шешімдерге ықпал етуге мүмкіндік береді. Бүгінде қоғамдық кеңестер министрліктерде, Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін органдарда, жергілікті мемлекеттік басқару құрылымдарында, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жұмыс істейді.

Жұмыстың негізгі мақсаты – азаматтық қоғамның өзекті және маңызды мәселелер бойынша пікірін білдіру, сондай-ақ қоғамдық бақылау және мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл жұмысты жандандырудың маңыздылығы Президенттің «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы» атты Жолдауында да атап өтілді.

Осы уақыт ішінде ол халық пен жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы үшін сенімді алаңға айналды. Кеңестермен түрлі деңгейдегі әкімдердің, жергілікті мемлекеттік органдар басшыларының есептері тыңдалады, қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша зерттеулер мен сауалнамалар жүргізіледі, нормативтік-құқықтық актілер қаралады. Сондай-ақ тұрғындар резонанстық мәселелер бойынша жүгінеді.

Кеңестердің құрамына келетін болсақ, мемлекеттік орган өкілдері тиісті құрылымның шешімімен тағайындалады, азаматтық қоғамның өкілдері конкурстық негізде сайланады: бұл коммерциялық емес ұйымдардың қызметкерлері және қарапайым азаматтар болуы мүмкін. Іріктеу критерийлері азаматтың белсенді, аймақтың мәселелерін білуін, адал, әдепті, адал болуын, өз көзқарасын білдіре алуын ескерді.

Қоғамдық кеңес мемлекет пен азаматтық ұстанымы нық азаматтардың бірлескен істі ашық талқылауға мүмкіндік беретін ашық алаңына айналды.

Кез келген мемлекет азаматтардың пікірін ескеру арқылы алға жылжиды. Ал халықтың көзқарасын билікке жеткізіп, бір мүддеге тоғыстыруда қоғамдық кеңестердің маңызы зор. Қазір қоғамдық кеңестер елді аяғынан тұрғызар, билік пен халықтың арасын жақындататын құрылымға айналып үлгерді. Өзара іс-қимыл әр түрлі деңгейде жүреді және оның көптеген формалары бар. Мысалы, белгілі бір бағыттар бойынша комиссиялар мен комитеттер шеңберінде. Мониторингтік жұмыс, аудан, ауыл тұрғындарымен есептер мен кездесулер, әлеуметтік желілер мен сайттардағы қарым-қатынас, қоғамдық сараптама және тыңдаулар ескеріледі.

Өз тарапынан Мемлекет басшысы да қоғамдық бақылауды күшейтуге шақырады. Бірер жыл бұрын Президент Жарлығымен «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға өзгерістер енгізіліп, оның құзыры едәуір кеңейді. Сондай-ақ Президент тапсырмасымен кеңес жұмысына азаматтық қоғам өкілдері көптеп тартыла бастады.

Жұмыс жоспарына енгізілген мәселелерден басқа, отырыстарда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты тақырыптар көтеріледі. Мысалы, әлеуметтік көмек көрсету қағидаларын бекіту, мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесін айқындау, аз қамтылғандарға тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі туралы.

Қоғамдық кеңестер өз мәртебесі бойынша консультативтік-кеңесші орган болып табылады, сондықтан олардың шешімдері ұсынымдық сипатқа ие. Бірақ бұл ұсыныстарды мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы билік, квазимемлекеттік сектор субъектілері де қарауы керек. Қоғамдық кеңес мүшелері мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару органдарына кіруге, орталық атқару органдарының, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жұмысына араласуға, қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару органдарына жүгінуге құқылы. «Қоғамдық кеңестер туралы» заңда халық алдында есеп беретін мемлекетті қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға, қоғамдық институттар мен азаматтардың барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына кеңінен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған бірлестік қызметінің құқықтық мәртебесі жазылған.

Заңда қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдаулар, қоғамдық сараптама, сондай-ақ мемлекеттік орган жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдау арқылы жүзеге асырылатын қоғамдық бақылау саласындағы қоғамдық кеңестің өкілеттіктерін іске асыру тәртібіне ерекше назар аударылған.

Қоғамдық кеңес азаматтық қоғам мен билік арасындағы диалог алаңы. Қоғамдық кеңестің негізгі миссиясы – азаматтардың жайлы, қауіпсіз өмір сүруіне ықпал ету. Консультативті-кеңесші, бақылаушы орган ретінде құрылған бұл институт бюджет қаражатын тиімді пайдалануға, мемлекеттік қызметтің сапасына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске оң ықпалын тигізеді. Яғни, атқарушы органдар қоғамдық кеңестер арқылы шешім қабылдарда қоғамдағы маңызды мәселелерге мән беріп, көпшіліктің пікіріне жүгінеді. Бұл әрі мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Президент қоғамдық кеңестердің рөлін күшейту қажет екенін, бірақ бұл ретте әрбір адам



азаматтық ұстанымын көрсетуі, қоғамдық-саяси оқиғаларға бей-жай қарамауы, өз қаласы мен еліне қатысты мәселелерде патриот болуы тиіс екенін, сонда ғана тәртіп пен заң үстемдік ететінін атап өтті.

Қоғамдық кеңестердің қызметі өзекті мәселелер бойынша азаматтық қоғамның пікірін білдіруді мақсат етеді.

«Қоғамдық кеңестер мемлекет басқару ісіне қатысады. Қоғамдық бақылауды жүзеге асырады. Бюджет қаражатының қалай жұмсалып жатқанын қадағалайды. Өзекті мәселелерді билік органдарына жеткізеді. Осылайша, қоғамдық кеңес елге мемлекет саясатын түсіндіреді. Бір сөзбен айтқанда қоғамдық кеңестерге зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Осы кеңестердің ел ішіндегі беделін арттыруға баса мән беру керек», деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Расында қоғамдық кеңестер мемлекеттік мекемелер мен жергілікті билік органдары арасындағы алтын көпірге айналып үлгерді.

**Шабанбай би ауылдық округі әкімінің аппараты.**

** Медицина қызметкерлері күні қарсаңында*

# Ауыл тіршілігі – қайнаған өмір



*Бақыттыгүлдің туған топырағына бауыр басып, өзін қожайын ретінде еркін сезінуі бала күннен қалыптасқан секілді. Ол үнемі ауыл адамдарын құрмет тұтты. Сыйлады, алдынан кесе-көлденең өтпеді. Әйтеуір, жүрегінде бір сүйіспеншілік пайда болып, ізгілікті істерге жетелей беретін. Кейін сол қасиет Бақыттыгүлдің өмірлік қағидасына айналды.*

Арман қанаты... сен қандай тәтті едің.Мектепті ойдағыдай бітірген бойжеткен құрбыларымен бірге Қарағанды қаласына тартып кетті. Дәрігерлік мамандықты меңгеріп, адамдардың денсаулық күзеті саласында қызмет етуді ойлады. Сәттілік үнемі бола бермейді, ойлағаның да бірден жүзеге аса қоймайды. Бақыттыгүл үшін мамандық таңдау есігін айқара ашты. Сәттілік мұны тапты. Қарағанды қаласындағы медициналық училищенің "Акушер" мамандығы бойынша оқуға түсті. Бұл 1978 жылдың жайдары жазы еді. Студенттік өмір, сабаққа тиянақты дайындалу көңілдегідей өтіп жатты. Уақытқа тоқтам бар ма? Көптен күткен 1981 жылдың шуақты жазы да келіп жетті. Бақытгүл мемлекеттік емтиханды құрбылары секілді ойдағыдай тапсырып, қолына дипломын алып, туған өңіріне оралды.

Сол 1981 жылы арнайы жолдамамен Қызыларай бөлімшелік ауруханасына мамандығы бойынша қызметке орналасты. Ал, 1992 жылы Қызыларай ауылдық амбулаториясының фельдшері қызметін зейнетке шыққанша абыроймен атқара білді.

– Ауыл адамдары аудан орталығынан шалғай жатқан соң жергілікті дәрігерлік қызметке жүгінеді, ауырмаудың қамын ойлайды. Өмір -қымбат! Біз де өз тарапымыздан ауыл тұрғындарының денсаулығы қалыпты, тұрақты болуын үнемі бақылауда ұстадық. Белгіленген жоспар бар, сол кесте бойынша кезеңкезеңімен дәрігерлік тексерістен өткізіп отырамыз. Тәжірибе жылдар бойы жинақталады. Соның нәтижесі болар, әр тұрғынның денсаулығының тұрақты болуын барынша тілейсің, қадағалайсың. Алдыңа келген сырқат бір жаратқаннан, одан соң дәрігерден үміт күтеді. Жыл он екі ай ішінде ауыл тұрғындарымен бірге бізде тынымсыз күй кештік. Еңбек адамдарының, ана мен сәбидің, зейнеткерлердің, ұстаз, қызметкерлердің денсаулығын ұдайы бақылауда ұстадық. Аудан, облыстық ауруханаға жатып, емделіп, сырқаттан айығып келген ауылдастарыңды көргенде көңіл шіркін марқайып қалады, – дейді өткен күндерге шолу жасаған Бақыттыгүл Қадырқызы. Сырқаттарды қабылдауда, үй-үйді аралап, дәрігерлік кеңес беруде Бақыттыгүл үшін үйреншікті қағида. Адамның жан дүниесін түсінуде жүрек жылы болуы керек. Қырық жылға жуық дәрігерлік қызметте қиыншылық та кездесті, қуанышты сәттер де көп болды. Адам өмірін сақтап қалуда да бет-бет күрескен, арпалысқан күндерді де бастан өткерді. Өзі де ізденіп, дәрігерлік білімін жетілдіріп отырды. "Алғыс алған арымас,–деген.Облыстық, аудандық денсаулық саласы басшылары тарапынан қаншама мақтау, марапатқа ие болды. Жер басып жүрген қаншама жастардың кіндік шешесі. Ойға түседі, 2013 жылы облыстық денсаулық басқармасы арнайы байқау ұйымдастырып, ауыл дәрігерлерін жан-жақты сынақтан өткізді. Сонда ғой, Бақыттыгүлдің мерейі тасып, облыс бойынша "Таңдаулы фельдшер" ретінде екінші орынды жеңіп алғаны. Бұл енді көп жылғы үздіксіз еңбектің, зор тәжірибенің жемісі еді. Мына тіршілікте өмірден өз орыныңды тауып, адамдармен қоян-қолтық араласып, қоғамнан сырт қалмаған қандай ғанибет. Сонау, 2001 жылы қоғамдық жұмыстағы белсенділігі үшін, әр түрлі шараларға қатысып, өз қолтаңбасын қалдырғаны үшін Алғыс алғаны және бар. Үнемі қозғалыс, қоғамға көзқарас, пікір, ой, ұсыныс айта білу адам жан дүниесінің айнасы іспеттес. Ауыл дәрігері Бақыттыгүл Қадырқызы Изақова тәуелсіздік тұғырының биіктей беретініне, нық болатынына сенімді.

– Бабалар аңсап өткен тәуелсіз ел болу бақытын көру біздің замандастарымызға бұйырды. Бұл ең үлкен бақыт, шаттығымыз. Баянды болсын, – дейді Бақыттыгүл. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай биліктің Құрмет грамотасымен марапаталды. Мұндай құрмет бір басында жетерлік.




Отбасы бақыты... Жүрекке жақын қандай ыстық сөз. Өмірлік жары Мәдениет ауыл өнерін, рухани салтанатын өрге сүйреген өнерпаз, жетекші. Ауыл адамдарына рухани азық сыйлап, ұлттық күндылығымызды ұдайы насихаттап келеді. Екеуі де ел құрметіне бөленген аяулы, сыйлы, көңіл төріндегі жандар. Аһарлы-шаһарлы әулет боп отыр. Ұрпағы өсіп-өніп келеді. Шүкір! Бүгін де құрметті демалысқа шығып, ұзақ жылғы қажырлы еңбектің зейнетін көруде. Қарапайым ауыл дәрігері жайлы бір үзік айтпақ болған сырымыз осы еді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей ауыл тұрғындарының денсаулығын күзеткен ақ халатты абзал жанның еңбегі еленіп, жоғарғы жақтардың тарапынан берілетін үлкен марапаттарға лайық.

**Оралбек Жүнісұлы,**
**ҚР Ақпарат саласының үздігі.**

# Бөбектердің анасы



Қазақстанда жыл сайын медицина қызметкерлерінің күні маусымның үшінші жексенбісінде аталып өтіледі. Осы күні адам жанының арашашысы, ақ халатты абзал жандарға арнайы құрмет көрсетіліп, еңбектері еленеді. Мереке қарсаңында біз оқырмандарымызға медицина саласының дамуына көп жылдар бойы үлес қосып келе жатқан акушерка Баян Искакова жайлы сөз қозғамақпыз. «Адам ұрпағымен көрікті» демекші өмірге ұрпақ әкелемін деген әрбір ана аудандық ауруханаға барса міндетті түрде осы Баян Мұратқызының алдынан өтеді. Біздің ең қымбат байлығымыз – өміріміз осы сала қызметкерлерінің кәсібиліктеріне байланысты. Кеңеседі, сырласады. Сондықтан да бұл сала иелеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Олардың көмегімен ауруымыздан айығып, ертеңімізге үмітпен қараймыз. Алдына барған әр науқасқа ерекше мейіріммен қарап, жылы сөзімен көңілінді көтеріп, өмірге деген құлшынысыңды арттыратын да осы асыл маман иесі туралы мадақ айтсақ, ешкімнің қарсы тұрмасы анық. Баянның алдынан өтпеген әйел-ана кемде кем. Оған осы бір жерде тапжылмай ұзақ 33 жыл еңбек жасағанын растайтын еңбек кітапшасы куә, халқы куә. Расымен де солай. Аудандық ауруханаға жолы түсіп барған әрбір нәзік жанға жүзі жылы, мейірімділікпен, ыждағаттылықпен хал-жағдайын біліп, ақыл-кеңесін айтып, көмегін көрсетеді. Дертті жанға керегі де осы мейірімділік қой. Ал, көзінде күн күлімдеген, жаны жайсаң бұл кісінің алдына келген жанды баурап алатын ерекшелігі бар. Негізі медицина саласында дәрігердің дертке шалдыққан жанды емдеуінің айқын үш жолы бар екені баршамызға белгілі. Біріншісі сөзбен. Екіншісі дәрі-дәрмекпен. Үшіншісі пышақпен. Осы емдеу жолының алғашқы екеуін ұштастыра білген бұл мейірімді акушер – Баян ханым сонау 1990 жылдары Балқаш қалалық медициналық училищесін тәмамдаған соң аудандық ауруханаға акушерка болып жұмысқа орналасты. Қарбаласқа толы ұзақ жыл ішінде тек қана әйелдердің өмірін, өмірге келетін ұрпақтарымен бірге сақтауға септігін тигізіп қана қоймай, талай бөбектің кіндік анасы да бола білді. Осыдан біраз жыл бұрын жедел көмек ішінде дүниеге келген сәбиді аман алып қалуға зор септігін тигізгендігін жазғанбыз. Ол біз білетін біреуі ғана. Ана мен бала өмірі үшін талай майданды көрген, сөзі дәрі, қолы шипа Баян Искакова қандай да болсын марапатқа лайық жан. Дегенмен шипалы алақан иесінің еңбегі еленіп, марапат төрінен көрініп аудан әкімінің, аудан дәрігерлерінің кәсіподақ комитетінің Алғыс хат, Құрмет грамоталарымен марапатталып, халық алғысын арқалаған сәттері де жетерлік. 2013 жылдары аудан әкімінің ұйымдастыруымен өткен жыл үздіктері байқауында «Жылдың үздік дәрігері» номинациясын иеленген жан. Халық алғысын арқалап жүрген ақ халатты жанды біз де мерекесімен құттықтап, жемісті еңбек тілейміз.

**Г.Елеусізова.**

*(Соңы. Басы 3-бетте).*

мал басы анықталған жоқ.

Бірдейлендіру жұмыстары бекітілген жоспарға сай орындалды. Жоспар: 60 бас бұзау, 35 бас қозы, лақ, 10 бас құлын. Орындалысы: 35 бас бұзау (58,3%), 55 бас қозы, лақ (157%) сырғаланып, 19 бас құлын (190) таңбаланып, бірдейлендірілді.

Тоқсан сайын мал ұстайтын ауыл тұрғындары арасында, әкім аппаратының қызметкерлері, учаскелік полиция инпекторлары мен ветеринариялық дәрігердің қатысымен жұмыс




жиналысы өтіп тұрады. Күн тәртібінде көшеде қараусыз емін-еркін бос жүрген ауыл шаруашылығы жануарларын бағу, ақылы бағымға қосу туралы және иелеріне осы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіледі және әкімшілік шара қолданатыны туралы ескертіледі.

Балық шаруашылығы саласындағы «Балқаш балық» фирмасы ЖШС 2024 жылдың 5 айлық өнім өндіру көрсеткіші 316 тонна, оның ішінде балық филесі – 34 тонна, мұздатылған балық – 282 тонна. Өнімнің жалпы құны 68,43 млн теңгені құрайды.



2024 жылдың 16 ақпанында Ауыл шаруашылық саласы бойынша және «Ауыл аманаты», «Даму» бағдарламалары аясында аудандық, облыстық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшылары және жауапты мамандарының қатысуымен кент тұрғындары арасында кездесу жыйыны өткізілді. Күн тәтібінде: осы мемлекеттік бағдарламалар бойынша жеңілдетілген 2,5 % пайыздық несие алу тәртібі, кепілге қойылатын жылжымайтын мүліктер туралы, төлем мерзімі туралы толық ақпарат түсіндірілді.

Нәтижесінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы негізінде кентіміздің 35 тұрғыны яғни жеке және заңды тұлғалары жеке кәсіпкерлігін дамыту бағытында алдағы 2024 жылы берілетін жеңілдетілген 2,5 % пайыздық несие алу кезегіне қойылды.

Шашубай кентінің жалпы жер көлемі 3175 га. Ауыл шаруашылығы мақсатында, оның ішінде жайылымдық және шабындық жерлер жоқ.

Биылғы жылы жерді ұтымды пайдалану мәселесіне ерекше назар аударылды. Жер заңнамасының нормаларын түсіндіру жөніндегі жұмыстары кент тұрғындарына тұрақты негізде жүргізіліп тұрады.

Шашубай кентінде кәсіпкерлік саласы бойынша 1 орта, 37 шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. Кәсіпкерлікті дамытуға, қолдауға, дамыту бағдарламаларын жасау мен оны жүзеге асыруға мемлекеттік тұрғыдан ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл тұрғыдан алғанда мемлекет тарапынан қабылданатын іс-шаралардың негізгі мақсаты кәсіпкерліктің дамуы үшін құқықтық және экономикалық жағдайларды қалыптастыру.

Кентіміздің кәсіпкерлеріне «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен жұмыстар атқарууға, консультациялық көмек алуға толық мүмкіндіктер қарастырылған. Бағаны тұрақтандыру және негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында апта сайын кент әкімдігі тарапынан 19 түрлі әлеуметтік азық-түлік тауарларының бағалары тексеріліп, мониторинг жүргізіледі. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2024 жылға арналған шекті мәндерін бекіту туралы Қарағанды облысы әкімінің қаулысымен жергілікті кәсіпкерлер танысып, хабарландырылды.

Кент жастары тарапынан еріктілер топтары құрылған. Облыстық «Қайырымды істер марафоны», «Ардагерлерді ардақтайық» және эскоакцияларын қолдау ретінде бір қатар жалғыз басты қарт адамдардың, мүмкіндігі шектеулі жандардың, көп балалы және жалғыз басты аналарға көмек көрсетілді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында кент жастарымен облыс бойынша дін істері басқармасының өкілдерімен тоқсан сайын (арнайы жоспар бойынша) «Мемлекеттік-конфессиялық саясатты, конфессиялық келісімді және діни экстремизмнің алдын алуды қамтамасыз ету» тақырыптарында кездесулер ұйымдастырылып тұрады. 2023 жылдың жаз мезгілінде үш ай бойы (маусым, шілде, тамыз) «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жұмыс мауысымы басталды. Онда кентіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасыларынан шыққан 14-34 жас аралығындағы жастар құжаттарын тапсырып еңбек жасақтарына кірісті. Барлығы 30 бала. «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жұмыстары 1 маусымда басталып 30 тамызда аяқталды.

**Н.Мангишев,**
**Шашубай кентінің әкімі.**

# *Сенім телефоны*

*«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.*

# Еске алу



Ақтоғай ауылының тұрғыны, жасындай жарқырап жүрген, кескіні келбетті, әр ісіне тиянақты, жас та болса қамқор, қорған бола білген сүйікті жиеніміз **Әбілмаш Бексұлтан Саятұлының** мезгілсіз фәниден бақиға аттанғанына бір жылдың жүзі болды.

Қазақтың қайран деген сөзі неткен ауыр еді. Қарс айырылған жүректің зар мен мұңға толы сағынышы, әлденеге өкініші мен арманы тұнып тұрғандай. Қабырғамызды қайыстырып, көкірегімізге шер толтырған қайғылы қазаның жарасы еңсемізді басып, жанымыз жүдеу тартады. Әлі де көңіліміз сенбей, аңқылдап есіктен кіріп келердей елеңдеудеміз. Алланың ісіне амалымыз жоқ. Тек алақан жайып жатқан жерің жарық, топырағың мамық болсын деп дұға тілейміз.

Көре алмай тіршіліктің көп қызығын,
Тата алмай шаттық өмір тәттілігін.
Жарқырап келе жатқан жұлдызым-ай,
Әттең-ай! Ерте сөнді ау от-ғұмырың!?

**Сағына еске алушылар: нағашы атасы – Бейсен, әжесі – Оқан, нағашылары – Рсалды, Бақберген, Бақытжан-Анархан, немерелері.**

# Еске алу



Қымбатты, аяулы бауырымыз **Шайхина Гүлнұр Бақытбекқызының** жер бесікке кеткеніне де 40 күннің жүзі болыпты. Амал не тағдырдың жазуына, Сағыныштан өзегіміз өртеніп, іздеумен жүрміз.

Қош бол Гүлнұрым,
Сенде кеттің келмеске.
Бұған енді шара барма
көнбеске.
Алла алдынан жарылқасын, жан бауырым,
Өзің кетіп, бейнең қалды мәңгі есте.
Қош бол жаным,үлгермедік қоштасып,
Жанарымнан ақты менің жас тасып.
Бақұл болшы, жан бауырым, Гүлнұрым,
Арғы өмірден түрсыншы, жарығының нұр шашып.
Қош бол бауырым, үлгермедік сөйлесіп,
Қуаныш пен ренішті бөлісіп.
Жүрегімді ауыртады Гүлнұрым,
Көңілімдегі дауасы жоқ көп ісік.
Қош бол бауырым, үлгермедік жүздесіп,
Жібере алмай жүректегі мұңды езіп.
Қасіреттен қапыда біз қан жұттық,
Көгімізден кеткендей күн кешіп.
Тағдыр мені жатса-дағы мүйіздеп,
Құлазыған көңіліме күй іздеп.
Күнде сені сағынамын, Гүлнұрым.
Келмеске кеткен күнің елестеп…
Мен үшін әлі рухың сенің сөнген жоқ.
Мен үшін Гүлнұрым өлген жоқ,
Жанымда жоғы болмаса…

**Сағынып еске алушы: апаң –Гүлшара, жездең –Абзал, жиендерің.**

*Жеңіс тұғырында

# Жарқын болашақ кепілі

Көкшетау қаласында маусым айының 3-8 күндері 2010, 2011, 2012 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында кикбоксингтен Қазақстан Чемпионаты болып өтті.

Аталған жарысқа еліміздің әр аймақ, өңірлерінен 523 спортшы қатысты. Дүбірлі додаға Ақтоғай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі




оқушысы Нұрлан Асанали Ерғазыұлы қатысып, аудан мерейін үстем етті. 3 жекпе-жекті айқын басымдылықпен жеңіп, 2012 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында, 70 келіден жоғары салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Асанали Қазақстан Республикасының чемпионы атанды.

Ақтоғай ауданы әкімінің міндетін атқарушы Абылай Аманжолов Шашубай кентіне келген іс сапары барысында елдік мәреде көк туымызды желбіретіп, жоғары жетістіктер көрсетіп, аудан абыройын көтеріп жүрген жас чемпион Асаналиді жеңісімен құттықтап, қаржылай 200 мың теңге сертификат табыс етті.

Жастарды спортқа баулу – жарқын болашақ кепілі. Осы ұранды жанына серік еткен ауданның балалармен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Абай Қомар Шашубай кентінің қара домалақ балаларын жастайынан спортқа, оның ішінде кикбоксингке баулып келеді. Кент жастарын биік белестерге бастап, шәкірттерін шар болаттай шыңдап, аудан спортын дамытуға төккен тер ақталды деуге болады. Көкше төріндегі тартысты турнирда жас спортшымыз жеңіс тұғырына көтеріліп қана коймай ҚР спорт шеберлігіне кандидат нормативін орындады.

**Шашубай кенті әкімі аппараты.**

*Құрметті мектеп бітіруші түлектер*
***Айжан Сүйіндікқызы, Есенбай Ақбота Нұрланқызы, Боранқұл Ерасыл Дәренұлы, Молдаш Мөлдір Ілиясқызы!***

*Сендерді үлкен өмір жолына қадам басқан, аттестат алып мектеп бітірулеріңмен құттықтаймыз. Басты байлық мықты денсаулық тілеп, өмір жолдарың ашық болсын демекпіз. Биікбиік белестерді бағындырып, үлкен мамандық егесі болып, елдің елеулі, халықтың қалаулы тұлғасы болыңдар, Мектеп өмірі артта қалды, алдыда күтіп тұрған өмірдің әрбір баспалдағы сәтті, құтты болсын. Өмірлерің нұрға, көңілдерің жырға түнсын. Ақ жол!*

*Отаның сыйпап маңдайдан,*
*Аямас сендерден жақсысын.*
*Ізденңдер тауып, қиыр шалғайдан,*
*Еліңе, өмірлеріңе қажет білімді.*

***Құрметпен: Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі және Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығы.***

# Құттықтаймыз!



*Құрметті көршіміз*
***Шатекова Ырзық!***

*Сізді 70 жасқа келген мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Осы бір ерекше жастың думаны мен қызығы сізді бақыт пен шаттыққа бөлен, әрбір күн жаңға шуақ сыйлар қуаныш әкелсін. Денсаулығыңыз мықты, өмір жасыңыз ұзақ болсын. Немерелеріңіздің қызығына кенеліп, ортасында ардақты әже болып жүре беріңіз. Көңіліңіз мәңгі көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыстың ортасында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған асуларыңызды ала беріңіз.*

*Жылдар жүгі жіректі қажытпасын,*
*Думанды ән көгіңнен қалықтасын.*
*Шуақты пернелері көңілдегі,*
*Туған күнде серпіліп қалықтасын.*

***Ақ тілекпен: Қабдолла-Шәмшибану, Байзақ, Барқыт, Түсіпбай-Айтжан, Төлеухан-Рысжан, Өрік, Бейбіт-Бақытгүл, Ғайни, Дана, Бауыржан-Шайзат, Носер-Айгүл, Ғибрат-Панар, Нұрғазы-Салтанат, Нұртай-Сандуғаш, Талғат-Жанар, Асхат-Жансая, Дәурен-Жазира, Аңсаған-Есенгүл, Айжан, Алмас-Ажар, Айнұр.***



***Құрметті жеңгеміз Ырзық Шатекова!***

*Сізді 70 жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге басты байлық зорденсаулық, мол бақыт, отбасыңыздың ұйытқысы болып немере-шөберелеріңіздің ортасында ұзақ ғұмыр жасаңыз. Алдағы күндеріңіз көктемнің күніндей шуақты болсын. Жүзіңізді мұң шалмай, ағайын-туыстың, халқыңыздың ортасында бақыт шуағына бөленіп 100 жасаңыз.*

*Той думан болсын өмірің сарқылмайтын,*
*Бақыт қонсын ешқашан таусылмайтын.*
*Тілейміз сізге саулық ұзақ ғұмыр,*
*Орындалсын арман-ой тілегіңіз.*

***Тілек білдірушілер: Айбосыновтар әулеті.***





*Құрметті құлыншақтарымыз* ***Жанбол Ерболұлын*** *11 сыныпты,* ***Жолдыбай Елерке Қайырқызын*** *9 сыныпты аяқтауларымен құттықтаймыз. Сендерге мықты денсаулық талмас қанат, алдағы алар асуларыңа ақ жол тілейміз. Әрдайым ата-аналарыңның үмітін ақтап, алдарыңнан күтіп тұрған жаңа өміріңбаспалдақтарынан сүрінбей өтулеріңе тілектеспіз.*

*Сұңқар болып самғаңдар биіктерге,*
*Құт дарысын, бақ қонып өздеріңе.*
*Арманның асқарына құлаш сермеп,*
*Толы болсын өмірлерің жеңістерге*

***Игі ниетпен: Жолдыбай әулеті, туған-туыстары.***

# Құттықтаймыз!



*Құрметті* ***Күземханов Сағыдат Кәукербекұлы!***

*Ердің жасы – 50 жасқа келген мерейлі сәтіңіз құтты болсын.*

*Әкетай! қалыпсың сен де 50 жасқа келіп, ұл-қыз тәрбиелеп, жарыңды аялап, ата-анаңды қастерлеп, әкелік, жұбайлық, перзенттік парызыңды адал атқарып келесің. Әрдайым шаңырағымыздың тірегі, қамқоршысы, отбасымыздың берік діңгегі болдың. Талай асуларды табандылықпен жеңіп, нелер қиындықтарды қажырмен жеңдің. «Елу – тал түс» демей ме? Ендеше алдағы өмірде де туғанға сыйлы, кейінге үлгі бола бер. Күн жағымыздан көлеңке, жел жағымызға пана болып жүре бер. Денсаулығың күйлі-қуатты, ғұмырың ұзағынан, көрер қуанышың молынан болсын дейміз.*

*50 деген ердің жасын еңсеріп,*
*Еңбегіңмен сен келесің тер төгіп.*
*Армандардың аттанғанда шыңына,*
*Қызыр өзі болсын саған жолсерік.*
*Отбасының берекесін қамдаған,*
*Бар өмірін жақсылыққа арнаған.*
*Сендей жанға Алла өзі дем беріп,*
*Қиын кезде қуат беріп қолдаған.*
*Құтты болсын қуанышты той күні,*
*Саған шуақ шашсын Күн мен Ай нұры.*
*Әрбір күннің мерекеге айналып,*
*Ұрпақтарың көрмей өссін қайғыны.*

***Тілек білдірушілер: балаларыңыз – Нұржан – Айнұр, Гүлден. Осы тілекке анамыз Айдынгүл және немерелеріңізде қосылады.***



*Құрметті отбасылық достарымыз*
***Аманкелді-Балғын!***

*Өмірлеріңнің нұры* ***Күләшті*** *бүгін үлкен жолға аттандырып отырсыңдар. Қыз өріс деген. Жастар бақытты болсын.*

***Күләш-Ерсұлтан!***

*Бақытты болыңдар. Ғұмырдың жарқын шақтары мен бақытты сәттері мол болғай. Өмір сендерді тек жақсылықтар мен қуаныштарға жетелесін. Күләш барған жеріңде ибалы келін атанып, сол елдің алтын босағасында аман-есен жүре бер. Болашақтың ақ таңдарын бақытпен қарсы алып, барлық ізгі армандарың орындала берсін. Өмір жолында серіктерің сәттілік, жолдастарың жақсылық болсын. Жүздеріңізден шаттық пен күлкі үйіріліп, көл бетіне өрнек салған аққудай бақыт бесігінде қуанышты серік етін, тербеле беріңіздер. Екеуің қазақтың үлгі тұтар отбасына айналыңдар!*

*Анаңның жолын жалғадың,*
*Жат жұртқа кетіп барасың.*
*Сүюдің татып бал дәмін,*
*Жарыңмен тапқын жарасым.*
*Бақытты бол барған жеріңде,*
*Жүзіне кірбің жұғымай.*
*Береке қонсын төріңе,*
*Ұқсағын асқақ шыңарға!*

***Игі ниетпен: ата-аналарыңның достары – Әсет-Гүлмира, Гүлнар, Жасан-Гүлжан, Коли-Сая.***


**Құрылтайшы:** ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА
**Редактор:** Г.ЕЛЕУСИЗОВА
**Меншік иесі:** ‘‘Ақтоғай ажары’’газеті редакциясы ЖШС
**Тіркеу куәлігі:** №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)
Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Газет редакцияның компьютер орталығында катталып, Қарағанды каласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 850 дана

**Мекен-жайымыз:** 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.
**Телефондар:** редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39





Электрондық пошта aktogai_red @ mail.ru

Газетке А4 форматы 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.